

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Елімізде лаңкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда.

Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады.

Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады.

Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Арменияның Премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын.

Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ең бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

Сонымен қатар Қытай Төрағасына, Өзбекстан, Түркия президенттеріне, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қырын ашып көрсетті.

Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі екенін айттым.

Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шоққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алматыда содыр-лаңкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді.

Сондай-ақ жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді.

Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Естеріңізде болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынысыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды.

Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені құжатта митингілер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды.

Осындай шалақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді.

Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді.

Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді.

Жалғасы: 2-бетте.

Президент

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЕЛІМІЗДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР! ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!

Баршаңызға тағы да айтарым: іштен және сырттан болған сан түрлі жалған ақпараттарға сеніп, ереуілге салынған топтың қитұрқы әрекеттері мен тәртіпсіздікке ермей, парасатпен және ақылмен ғана шешім қабылдауға шақырамын. Азаматтық және әскери мақсаттағы қызметтік ғимараттарға шабуыл жасауға үндейтін ұрандар мүлдем заңға қайшы келеді. Бұл – өрескел қылмыстық әрекет. Билік құламайды. Бірақ, бізге өзара сенім және өзара диалог керек.

Ал жастарға айтарым: жарқын болашақтарыңа балта шаппаңыздар, жақындарыңыз бен туған туысқандарыңыздың жағдайын ойлаңыздар.

Жалпы, барлық заң аясындағы өтініштер мен талаптар ескеріледі, тиісті шешімдер қабылданады.

Ертең осы мәселелер бойынша арнайы жиналыс өтеді.

Мен баршаңыздың парасаттылықтарыңызға сенемін. Сіздердің амандықтарыңыз бен тұтас еліміздің қазіргі әлемдегі жағдайы осыған байланысты.

akorda.kz

* * * * *

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Еліміздегі ахуал өте күрделі.

Менің осыған дейін жасаған бірнеше үндеуіме қарамастан өздерін «ереуілшілер» деп атайтын адамдар тобы қасақана түрде жағдайды ушықтырып отыр. Еліміздің тең жартысына жуығында қақтығыстар орын алуда. Әсіресе, Алматыдағы ахуал өте күрделі.

Біздің сүйікті қаламызда құқық қорғау қызметкерлеріне жаппай шабуыл жасалып жатыр. Олардың арасында қаза тапқандар мен жараланғандар бар. Бұзақы топтар әскери қызметшілерді ұрып-соғып, көшеге жалаңаш шығарып, мазаққа айналдыруда. Әйелдерді зорлап, дүкендерді тонап жатыр.

Бұл жағдай Алматының барлық тұрғынына қауіп төндіріп отыр. Бұған төзуге болмайды. Алматыдан басқа кейбір облыс орталықтарында да жағдай ушығып тұр. Осыған байланысты бірқатар өңірде Төтенше жағдай енгізілді. Бұл – қажетті шара.

Президент ретінде, мен, азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға, Қазақстанның тұтастығына алаңдауға міндеттімін. Менің қабылдаған шараларым көп ұлтты Қазақстанның игілігіне бағытталған. Алайда бұл шаралар жеткіліксіз болып тұр.

Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көріп отырмыз. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қаскөйлердің қитұрқы әрекеті.

Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барынша қатаң әрекет етемін. Бұл – өмірін қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе.

Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Халық мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім.

Біз жұмыла отырып, Қазақстан тарихындағы осы сын сағатты бірге еңсереміз. Бұдан шыңдалып шығамыз. Жұырда Қазақстанды саяси трансформациялау жөніндегі жаңа ұсыныстарымды жариялаймын. Мен дәйекті реформаларды бұрынғыдай жалғастыра беремін.

Құқық қорғау органдары мен әскери қызметшілерге ерекше алғыс білдіремін. Олар қарулы топтардың соққысына кеудесін тосты. Өкінішке қарай қаза тапқандар да бар. Мерт болған азаматтардың отбасыларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Баршаңызға жұрктан аманшылық тілеймін.

Халқымыз құбылмалы кезеңге тап болды.

Дана халқымыз қиыншылықтардың бәрін міндетті түрде еңсереді. Мен бұған кәміл сенемін. Бірге болайық!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді Рождество мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жарқын мереке гуманизмнің берік дәстүрлерінің, жақындарымызға жанашырлық, мейірімділік, сүйіспеншілік көрсетудің мысалы болып табылады.

Бүгінде Солтүстік Қазақстанда түрлі дін өкілдері бейбіт өмір сүріп жатыр. Оларды Қазақстан халқының бірлігі сезімі, өз еліне деген сүйіспеншілігі, жақсылық және ортақ игілік үшін жасампаздық жасауға деген ұмтылысы біріктіреді. Біз бірге туған өңірімізді дамытып, жанға жайлы өмір сүру үшін жағдай жасаймыз.

Христово Рождествоны тойлайтын православтық христиандарға, Солтүстік Қазақстан облысының барлық тұрғындарына мықты денсаулық пен амандық, келісім мен бейбітшілік, қуаныш пен ертеңгі күнге деген сенімділік тілеймін!

Құмар Ақсақалов,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

УВАЖАЕМЫЕ СЕВЕРОКАЗАХСТАНЦЫ!

От всей души поздравляю вас со светлым праздником – Рождеством Христовым!

Этот светлый праздник являет пример прочных традиций гуманизма, сострадания, милосердия, любви и заботы к ближнему как оплота современного мироздания.

Сегодня в Северном Казахстане мирно живут представители разных религий. Их объединяет чувство единства народа Казахстана, любовь к своей стране, желание творить добро и созидать во имя общего блага. Вместе мы развиваем родной регион, создаем условия для комфортной жизни.

Искренне желаю православным христианам, всем жителям Северо-Казахстанской области, празднующим Рождество Христово, крепкого здоровья и благополучия, согласия и мира, радости и уверенности в завтрашнем дне!

Кумар Аксакалов,

Аким Северо-Казахстанской области

* * * * *

ҒИМАРАТТАРДАҒЫ РАДОН ҚАУПІ - ЕҢ ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМА.

Жер қыртысының пайда болуының алғашқы сәтінен бастап табиғи радиациялық фонды құрайтын табиғи радиоактивті элементтер бар. Тау жыныстарында, топырақта, атмосферада, суларда, өсімдіктер мен тірі организмдердің тіңдерінде радиоактивті изотоптар бар. Табиғи радиоактивті элементтердің ыдырауы кезінде пайда болатын жалғыз газ тәрізді өнім - ол радон.

Радон дегеніміз не?

Радон-бұл түссіз және иіссіз радиоактивті газ, ауадан 10 есе ауыр, қайнау температурасы-65 ОС, суда ериді. Адам радонды көре де, иіс сезе де алмайды. Радон кез -келген топырақ пен топырақта барлық жерде қалыптасады, дегенмен оның мөлшері бір жерден екінші жерге дейін өзгеруі мүмкін. Радон топырақтан бетіне еніп, атмосферада тез ериді. Атмосферадағы радон концентрациясы өте төмен. Бірақ егер радон топырақтан ғимараттар сияқты жабық көлемге енсе, онда кейбір жағдайларда ол адам денсаулығына қауіпті концентрацияға жиналуы мүмкін.Радон, оның «ата-анасы» сияқты, альфа сәулеленуші. Ыдырау процесінде ол газдар емес, қорғасын, вискмут, полоний және таллийдің тұрақсыз изотоптары болып табылатын басқа альфа эмитенттерінің тобын шығарады, олар өздері альфа сәулеленудің қуатты көзі болып табылады. Тыныс алу кезінде бұл радиоактивті бөлшектер өкпеде орналасады және өкпе тіңдерінің сәулеленуінің жоғары дозасын тудыруы мүмкін. Радонның жоғары деңгейімен сәулелену өкпенің қатерлі ісігіне әкеледі.Радонның адам ағзасына тарихи зиянды әсері XVI ғасырда, шахтерлердің жұмбақ тау ауруы ұзақ уақыт бойы дәрігерлердің назарын аударған кезде байқалды: кеншілер арасында өкпе обырынан болатын өлім басқа халықтарға қарағанда 50 есе жоғары болды. Біраз уақыттан кейін Оңтүстік Германия мен Чехословакиядағы Еуропаның уран кеніштерінде шахта жұмысшыларының қайтыс болу себептерін талдау уран кеніштерінде жұмыс істейтін кеншілердің 30-50% - ы өкпе обырынан қайтыс болатындығын көрсетті. Радонның халыққа радиологиялық әсеріне қызығушылық 80-жылдардың басында пайда болды. 1984 жылы радонның жоғары концентрациясы бар үйлерде тұратын адамдардың өкпе қатерлі ісігін алу қаупі бар екендігі анықталды. Күн сайын атом электр станциясының бір қызметкері радиоактивтілік есептегішінен (Гейгер есептегіші) өтіп, оның сәулелену деңгейі қалыпты болған. Алайда, үйде радон концентрациясы уран шахтасында рұқсат етілген концентрациядан 20 есе асып кетті. Алғашқы зерттеулер көрсеткендей, тұрғын үйлердің, әсіресе бір қабатты үйлердің ауасындағы радонның концентрациясы уран бұлақтарының қызметкерлері үшін белгіленген шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК) деңгейінен де асып түседі. 1980 жылға дейін әлемнің бірде-бір елінде үй-жайларда радонды және оның еншілес ыдырау өнімдерін ұстау нормативтері белгіленбеген. Тек соңғы онжылдықтарда радон проблемасы, оның ішінде сәулелену дозаларын нормалау және азайту мәселелері айтарлықтай маңызды екені белгілі болған кезде, қолданыстағы және жобаланған ғимараттар үшін тиісті стандарттар енгізілді.

Радон үй-жайлардың атмосферасына әртүрлі жолдармен түседі:

- жер қойнауынан енеді
- ғимарат салынған құрылыс материалдарынан (цемент, қиыршық тас, кірпіш) ерекшеленеді
- ағын сумен әкелінеді
Үй-жайларда радонның жинақталуының ең маңызды жолы ғимарат немесе құрылыс салынған топырақтан келетін радонның бөлінуімен байланысты. Алайда, жер қойнауындағы радон өте біркелкі емес. Бұл радонның тектоникалық бұзылыстарда

жиналуына байланысты, онда ол тау жыныстарынан микрожарықшақ жүйелері арқылы өтеді.

Геологиялық зерттеулер тәжірибесінде әлсіз радиоактивті жыныстарда радиоактивті жыныстарға қарағанда жүздеген және мыңдаған есе көп мөлшерде радон бар жағдайлар жиі кездеседі. Жердің ерекше тыныс алуымен радон тау жыныстарынан атмосфераға және радон коллекторлары бар жер учаскелерінен көп мөлшерде шығарылады. Ғимараттар мен құрылыстардың осындай жарықшақ аймақтарының үстінен тікелей тұрғызу бұл құрылыстарға радонның жоғары концентрациясы бар жер асты ауа ағынының үздіксіз түсуіне әкеледі, ол үй-жайдың ауасында шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШЖК) жоғары жиналып, осы үй-жайларда тұратын адамдар немесе жұмысшы персонал үшін елеулі радиологиялық қауіп тудырады. Үйлердегі радон концентрациясының деңгейі үй-жайдың табиғи және жасанды желдетілуіне, терезелерді бітеудің мұқияттығына, қабырғалар мен тік коммуникациялық арналардың түйісулеріне, үй-жайларды желдету жиілігіне байланысты. Мысалы, тұрғын үйлердегі радонның ең жоғары концентрациясы суық мезгілде байқалады, бұл кезде олар дәстүрлі түрде үй-жайларды оқшаулау және қоршаған ортамен ауа алмасуды азайту үшін шаралар қолданады. Алайда, қолданыстағы ғимараттардағы радон қаупін төмендетудің жақсы нәтижелері дұрыс орындалған желдетумен қамтамасыз етіледі. Ауа алмасу кезіндегі радон белсенділігін талдау тіпті 1 сағат ішінде бір реттік ауа алмасу радон концентрациясын екі есеге дейін төмендететінін көрсетеді.

Профилактикалық шаралар.

- Ең алдымен, тұрғын, қоғамдық, әкімшілік немесе өндірістік ғимараттардағы радон құрамының деңгейіне зерттеу жүргізу қажет. Бұл тексеруді арнайы жабдықтың көмегімен ғана жасауға болады. Тайынша ауданы бойынша ҚР ДСМ СЭБК «СҚО СЭСО» РКМК филиалында ауада, суда, топырақта радон құрамын анықтау құралы бар. Бұл зерттеулер үйде радонның қауіпті деңгейі бар-жоғы туралы ақпарат береді. Егер радонмен проблемалар туындаса, радон деңгейін төмендету үшін бірқатар қарапайым, арзан және тиімді шаралар бар.
- сыртқы ауаны неғұрлым қарқынды қабылдау үшін жақсы және жүйелі желдету.
- радонның жерден енуін болдырмау үшін жертелме және жартылай жертелме үй-жайларының едендері мен қабырғаларын оларды тиімді желдету отырып герметизациялау.
- қабырғаларды майлы бояумен немесе эпоксидті бояумен жабу. Қабырғаға тұсқағаз қою радонның шығуын азайтады.
Халықты және персоналды табиғи радионуклидтердің әсерінен қорғау мақсатында, «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес мыналар жүзеге асырылуы тиіс:
- топырақтан радонның бөліну деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстар салу үшін жер учаскелерін таңдау;
- осы үй-жайлардың ауасына радонның түсуін болдырмауды ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу;
- үй-жайлардың ауасындағы радонның болу деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып, құрылыс материалдарына өндірістік бақылау жүргізу, ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануға қабылдау;
- үйлер мен ғимараттарды олардағы радонның болу деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып пайдалану;

Анар Шарипова, Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ОРНЫ

Мемлекеттік органдар арасындағы хат алмасу, жиналыстарды өткізу, жиналыс хаттамаларын жүргізу тілі Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының 1-тармағы мен тіл туралы заңның 4-бабына сәйкес, мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Сондықтан, қазақ тілінің сот жүйесінде алатын орны ерекше. Сондықтан, әрбір соттардағы кіріс-шығыс, құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы бағамдар бойынша сараланып отыр. Яғни, заң бойынша мемлекетімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда ғана, қазақ тілімен қатар өзге тілдер қолданылуы мүмкін.

Қазіргі таңда соттарда ішкі құжат айналымын мемлекеттік тілге көшіру жолға қойылып, әрбір істі қазақ тілінде қарап, мемлекеттік тілде шешім шығаруға мүмкіндік мол. Сондықтан, еліміздегі әрбір сотта мемлекеттік тіліміздің мерейі үстем.

Сот істерінің басым бөлігінің ресми тілде жүргізілуі себептерінің бірі, сотқа жүгіншілердің мүддесін қорғаушы адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдердің қазақ тілін жетік білмеуінен. ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінде сот ісін жүргізу тілі, сотқа талап арыз берілген тілге қарай, сот ұйғарымымен белгіленетіні көрсетілген. Бұл дегеніміз, сотқа талап арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралып, сот актісі де сол тілде қабылданады деген сөз.Айтар болсақ, орыс тілін жай ауызекі сөйлесуде ғана білетін сот процесіне қатысушылар, сот процесі кезінде өз ойларын толық жеткізе алмай қиналатын тұстары жиі болып тұрады.Алдын ала тергеу мемлекеттік тілде жүріп, прокуратура өкілдері қазақша сөйлесе, талап арыз осы тілде жазылса, істі қазақ тілінде қарауға қуана келісетін едік. Жоғарыда атап өткен мән-жайларға сүйенетін болсақ, әрбір сотқа жүгінші азамат, сотта қаралатын мемлекеттік тілдегі істердің көрсеткішіне өз үлесін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша, сотқа талап арыз берілген тілге қарай сот ұйғарымымен белгіленеді.

С.А.ҚАҚАРБАЕВ,

Тайынша ауданының №2 аудандық сотының судьясы

* * * * *

ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан Ұлттық Банкі барлық қаржы ұйымдарының, соның ішінде екінші деңгейлі банктердің штаттық режимде жұмыс істеп жатқанын хабарлайды.

ЕДБ-нің (екінші деңгейлі банктер) барлық банктік қызметтері – жалақы мен зейнетақыны, жәрдемақыларды есептеу және алу, оларды банкоматтар арқылы шешу секілді банк қызметтері үздіксіз жұмыс істеп тұр. Қаржы ұйымдарына тиесілі банкоматтар мен терминалдар қолма-қол ақшамен толық қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта интернет желісіндегі жалпы іркілістерге байланысты банк қосымшалары мен төлем терминалдарының жұмысында уақытша кідіріс бар.Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде тарап жатқан – несиелерді есептен шығару туралы ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтінін ресми түрде хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан Ұлттық Банкі азаматтар мен БАҚ өкілдерін тек ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырады.

Кеңселер мен филиалдардың жұмысына қатысты толығырақ ақпаратты банктердің Call-орталықтарынан білуге болады.Кеңес алу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің +7 (727) 237 10 00 Call-орталығына және Қазақстан Ұлттық Банкінің 1477 қысқа нөмір бойынша байланыс-орталығына хабарласуға болады.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты келесі телефон арқылы ала алады: 8 (7172) 77-52-10 e-mail: press@nationalbank.kz www.nationalbank.kz

ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қоғамдағы жастардың алатын орны ерекше екені белгілі. Себебі жастар – әрбір елдің мәдени, рухани және саяси өміріне белсенді атсалысатын әлеуметтік-демографиялық топ. Қазақ қоғамында жастарға ежелден ерекше сеніммен қараған. Бүгінгі жастың ертеңгі ел ағасы болатынын естен шығармаған аға буын өкілдері тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген.

«Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген дана халқымыз бала тәрбиесінің бесіктен басталатынын меңзесе керек. Өмірге жаңа келген нәрестеге бесік жырын айтып ұйықтатудың өзі бала тәрбиесіндегі алғашқы қадамдар болып есептелген.

С.Сейфуллин қалдырған «Келіншектің бесік жыры» нұсқасында көрсетілгендей:

*«Жақсы болып ержетсе,
Балапаны бөпесі,
Бағы ашылып, анасы,
Көкке тиер төбесі...
Әлди-әлди, балашым!
Ұйықтатайын тербетіп.
Тілегім сен, құлыным,
Үміт ақта ержетіп!»*

деп жырлаған ана сәбиінің болашақта жақсы адам болатынына сеніммен қараған.

Бала күнінен бастап ұлттың дәстүрлі құндылықтарын бойына сіңіріп, халық ауыз әдебиеті жаунарларына қанығып өскен бала ержеткенде ұлттың алдындағы жауапкершілікті сезінетін, еліне тұтқа болатын тұлғаға айналған.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы жастар тәрбиесі мәселесінде ұрпақ сабақтастығының әлсірегені байқалады. Атасы мен әжесінің құшағында емес, ғаламтордың шырмауында өскен кейінгі жас буын өкілдері әлеуметтік желінің кесірінен ұлт табиғатына жат мәдениетті санасына сіңіріп, түрлі ағымдар мен субмәдениеттер өкілдерін пір тұтып өсіп келе жатқаны жасырын емес. Соңғы 15-20 жыл аралығында қоғамда болып жатқан жаһандану сипатындағы өзгерістер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі рухани ұстанымдарды әлсіретіп, ананың сүтімен беріліп, салт-дәстүрмен орныққан ұлттық құндылықтарды өзгеріске ұшырата бастады. Ертеректе қазақ қоғамы қабылдамайтын жағымсыз көріністер бүгінде үйреншікті нәрсеге айналуда.

Осыған орай, жастардың бойына ұлттық сананы қалыптастыру және халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтары негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы болып табылады.

Қоғамдағы жастар тәрбиесі – мемлекет деңгейіндегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі мемлекеттің жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі екені белгілі.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек» деп атап көрсетті.

Жастарды рухани және имандылық тұрғысынан дамыту, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және олардың қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыруды реттеу мәселелері «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы №285 заңында нақты көрсетілген. Жастарды кешенді қолдау мақсатында ҚР

Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Мемлекеттік жастар саясаты жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен ғана шектелмей, азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар мәдени, имандылық және рухани құндылықтар, сондай-ақ ұрпақ сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы қағидаттарына негізделген.

Еліміздің болашақ дамуына үлес қосуға қабілетті және жауапты, белсенді өмірлік көзқарасы бар жастарды тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту үлкен еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес, жастар тәрбиесіндегі басым бағыттардың бірі тарихымыздың тереңінен бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың рухани құндылықтарын негізге алу болып табылады. Отанын сүйетін, тарихымен мақтана алатын, тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын, дәстүрін сыйлайтын жастарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

Тек сонда ғана ертеңгі күні еліне қорған болатын, жаһандану заманында ұлтының шырағын сөндірмейтін, тілінің құрып кетуіне жол бермейтін, жасампаз елінің жаңа тарихын жасайтын ұлт көшбасшыларының шығары сөзсіз.

Әрбір ата-ана, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам мүшелері бүгінгі балалар және жастар тәрбиесінің жауапкершілігін түсініп, оған ертеңгі мемлекеттілігіміздің берік іргетасы ретінде қарауы керек.

Егер біз тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз баянды болсын десек, «өркениеттер қақтығысында» жұтылып кетпей, өзіндік бірегейлігімізді сақтап қаламыз десек, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатта баланы жас кезінен ұлттық құндылықтарға сәйкес, болашақ тұлға ретінде тәрбиелеу үшін қолда бар құралдар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған дұрыс.

Атап айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ғаламтор желісіндегі өзге зиянды ақпараттардан назарын бұру мақсатында олардың қызығушылығын тұғызатын пайдалы бейнероликтер, танымдық ойындар мен бағдарламаларды ұсынатын интернет-ресурстарын жасақтау қажет.

Себебі бүгінде ғаламтор желісіндегі күмәнді ресурстар балалар мен жасөспірімдердің санасына кері әсерін тигізуде. Алдына қойған айқын мақсаты жоқ, өмір сүруге құлықсыз, ештеңеге қызықпайтын кейбір жастар өкілдерінің арасында түрлі қылмыс жасау мен өз-өзіне қол салу фактілерінің жиі кездесетіні рас. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің мәліметіне сәйкес соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицид идеяларын насихаттайтын және оны жасаудың жолдарын көрсететін топтар көбеюде. Ал жастардың еліктегіш келетінін ескерсек, олардың назарының ауып, аталған топтардың тұзағына ілініп қалу қаупі алаңдатады.

Аталған мәселелер жастар тәрбиесіндегі дәстүрлі рухани құндылықтардың жетіспейтіндігін көрсетеді. Ата-ана мен қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне жете көңіл бөлінбеуде және тәрбие жұмысында дәстүрлі ұлттық құндылықтар тиісті деңгейде қолданылмайды.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы үшін тек білімді жастарды өсіру аздық етеді, бойына рухани құндылықтарды дарыта білген жас буын өкілдерін тәрбиелеп шығарғанда ғана Қазақ елі ғасырлар белесінен сүрінбей өтетіні хақ. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін ұмытпайық.

Қ. БЕЙСЕНҒАЗИН, Нұр-Сұлтан қаласы

Дін мәселелерін зерттеу орталығының қызметкері

БАТА – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ

Бата, тілек ақ дастархан басында, түрлі тойларда, жақсылықтарда айтылады. Газет оқырмандарына тәрбиелік мәні жоғары халқымыздың асыл қазынасынан бата туралы мәлімет беріп, үздік баталар топтамасын ұсынып отырмыз. Алдағы уақыттарда сіздерде бата-тілектеріңіз болса, бізбен хабарласыңыздар. Сіздер білген батаны – бәріміз де білейік!

Бата арабтың «фатеке» деген сөзінің қазақша айтылу түрі. Оның мағынасы – алғыс айту, ақ ниет, тілек білдіру. Ақсақалдар үйде бір жақсылық бола қалған жағдайда немесе сойылатын малға бата жасап, балаларға құлақ үлестіреді. Бұның бір жағында үлкенді сыйлау жатса, екінші жағында «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген, ізгі ықылас-игілікке деген тілектестік жатады. Қазақта батаны көбінесе келешегі алда жас өспірімдер сұрайды. Жақсылардың, көп жасағандардың, киелілердің, аузы дуалылардың батасын алуды жақсылыққа санап, ырымдайтындар ертеде осындай адамдарға алыста болса да арнайы жіберетін.

Ендігі бір түрі – қонағасына, сойылған соғым басына, жиналған егінге, күздікке, жауын жаумаса тасаттыққа, түрлі жақсылықтарға арналып жасалған той-томалақтарға, берілетін асқа, садақаға сойылатын малдарға берілетін бата. Мұнда батаны жас өспірімдер, балалардың сұрауы шарт емес, үлкендердің де сұрай беруіне болады.

Қазақта батаның түрі тым көп. Әр адам өз білгенін айта болады. Бірі – «батыр бол» десе, бірі «бай бол», «ақылды бол», «ақ сақалды сары түсті шал бол», тағы бірі «бәледен сақта», -дейді.

Бата – негізінде намаздың соңына қол жайып айтылатын дұға. Қазақ баталары сол дұғаның үлгісінде айтылатын түрлері. Оның бата берушіге байланысты ұзыны да, қысқасы да болады. Әрине, баталар да әр түрлі болады. Олардың қандай жағдайда қай түрі қолданылатынын аңғара білу керек. Олар – ел тірлігі, ұлттық намыс, азаматтық парыз, елдік тұтастық, берекелі бейбіт өмір, достық пен татулық, ағайынның адал көңіл ынтымағы мен бірлігі, жас отауға жақсылық, жорық-шерулерге аттанар сарбаздар мен сардарларға жеңіс тілеу, алыс жолға ат басын бұрғандарға сәттілік, өмір жолын жаңа бастаған өренге, жаңа тұған нәрестеге ұзақ ғұмыр, өнегелі жол тілеу, мұсылмандық мұратына ұю, имандылық, әділеттілік, адалдық, елдік пен ерлік, дастархан берекесі. Ұзақ өмір, зор денсаулық, тыныштық, адамгершілік тағы басқалар жайында баталар түрін кездестіруге болады.

ТӨЛЕ БИ БАБАМЫЗДЫҢ ҚОЙГЕЛДІ БАТЫРҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

*Жүрген жерің жаз болсын,
Айдыныңа қаз қонсын.
Ұйқың-күлкің аз болсын,
Мерейің мақтанып,
Елің-жұртың маз болсын.
Жая берген жапырақ,
Атсын таңың жарқырап.
Әумин!*

ЖАС ТҮСКЕН КЕЛІНГЕ БАТА БЕРУ

*Отша лаула, сөнбегін,
Еш жамандық көрмегін.
Қосағыңмен қоса ағар,
Құтты болсын қадамың,
Келін болдың, қарағым.
Салтын ұста, ардақта,
Үлкен ата-бабаңның.
Ошақтан от кетпесін,
Үйіңнен көп кетпесін,
Адал болғын жарыңа,
Лаула, оттай, жалында!
Аумин!*

ЖОБА

2022 – 2023 жылдарға арналған Тайынша ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

«Жайылымдар туралы» 2017 жылғы 20 ақпандағы және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2022-2023 жылдарға арналған Тайынша ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін. 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Толық ақпарат «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ <http://oshv-tsh.sko.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс 10. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715 36) 2-36-96
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.